## "Автомобиль көлігіндегі көліктік-экспедиторлық агенттіктердің қызметі" кәсіби стандартын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 наурызда № 10383 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Автомобиль көлігіндегі көліктік-экспедиторлық агенттіктердің қызметі» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көліктік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмесін жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3)-тармақшаларында көзделген шаралар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы Ж. Қасымбек*

*« К Е Л І С І Л Д І »*
*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі _______________ Т. Дүйсенова*

*2015 жылғы 21 қаңтар*

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 бұйрығымен бекітілген

## «Автомобиль көлігіндегі көліктік-экспедиторлық агенттіктердің қызметі» кәсіби стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Автомобиль көлігіндегі көліктік-экспедиторлық агенттіктердің қызметі» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын, оның ішінде кәсіпорындағы персоналды оқыту үшін білім беру мен мекемелердегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін және персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін арналған.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер және анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік анықтамалығы – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

3) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместгін, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзіреттілігінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

4) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік

деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

5) ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарық жағынан мамандардың біліктілігіне сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

6) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

7) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

8) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын және білі туралы тиісті құжаттармен расталатын нақты білімін, шеберлігін және практикалық дағдыларын талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

9) кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттіліктерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

10) кәсіби стандарт – еңбектің біліктілік, құзіреттілік, мазмұндық, сапалық және шарттық деңгейлеріндегі нақты саладағы кәсіби қызметті анықтайтын стандарт;

11) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

12) сала – шығаратын өнімдерінің, өндіріс технологияларының, негізгі қорларының және жұмыс істеушілердің кәсіби машықтарының ортақтастығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы.

3. Осы кәсіби стандартта келесі қысқартулар пайдаланылады:

1) ҰБШ - ұлттық біліктілік шеңбері;

2) ҰБЖ - ұлттық біліктілік жүйесі;

3) СБШ - салалық біліктілік шеңбері;

4) КҚС - кәсіптік қызмет саласы;

5) БА - біліктілік анықтамалығы.

## 2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Кәсіби стандарттың атауы: Автомобиль көлігіндегі көліктік-экспедиторлық агенттіктердің қызметі.

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: кәсіби стандарттың мазмұнына қойылатын біріңғай талаптарды сәйкестендіру және бекіту, автокөлік құралын техникалық пайдалануды ұйымдастыру аясында мамандарға қойылатын біліктілік деңгейінің нақты өлшемдерін айқындау.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа көліктік-экспедициялық қызмет көрсету.

7. Негізгі топ: көлік

Кәсіби топ: тасымалдау жөніндегі қызмет

## 3. Кәсіптер карточкалары

8. Кәсіптер тізбесі:

көліктік-экспедициялық қызмет саласындағы маман, СБШ бойынша 4 біліктілік деңгейі;

логистика жөніндегі маман, СБШ бойынша 5 біліктілік деңгейі.

Кәсіптер карточкалары осы кәсіби стандарттың қосымшасында келтірілген.

«Автомобиль көлігіндегі көліктік-экспедиторлық агенттіктердің қызметі» кәсіби стандартына қосымша

## Кәсіптер карточкалары

| **«Көліктік-экспедициялық қызмет саласындағы маман» КӘСІП КАРТОЧКАСЫ** | |
|---|---|
| Кәсіп коды | 4221 |
| Кәсіп атауы | Көліктік-экспедициялық қызмет саласындағы маман |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 4 |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | 4 |
| Кәсіби білім деңгейі | Тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім |
| Еңбек функциялары | 1. Мекемелерге және тұрғындарға көліктік-экспедициялық қызмет көрсетуд ұйымдастыру |
| 1 еңбек функциясы | **Шеберлігі мен дағдылар**<br>1. Теміржол станцияларынан, порттардан, айлақтардан және әуежайлардан жүктер орталықтандырылған тиеу-түсіру, сондай-ақ жүкті алушы және жүкті беруш кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге көліктік-экспедициялық қызмет көрсе бойынша белгіленген жоспарлар мен тапсырмаларды орындауды бақыла<br>2. Жүктерді орталықтандырылған тиеу-түсіру, кәсіпорынға, ұйымға және тұрғындар көліктік-экспедициялық қызмет көрсету және оларды автокөлік кәсіпорындарын жеткізу бойынша бақылау сандарын әзірлеу мен келісуге қатысу дағдыс<br>3. Жүкті тасымалдаудың сипатын, көлемдерін және бағыттарын талда<br>4. Жүктерді тиеу-түсіру және өңдеу орындарының техникалық жабдықталу деңгей оқу, тиеу-түсіру процесін координацияла<br>5. Теміржол станцияларынан, порттардан, айлақтардан және әуежайлардан автомоби көлігі арқылы жүктерді дер кезінде кіргізуді-шығаруды қамтамасыз ету үші бағытталған іс-шараларды әзірлеу. Ілеспе құжаттарға сәйкес атауы, салмағы және са |

| | | |
|---|---|---|
| Мекемелерге және тұрғындарға көліктік-экспедициялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | бойынша тауар-материалдық құндылықтарды рәсімде<br>6. Тарифтерді дұрыс қолдануды бақыла<br>7. Қолда бар сатандарттарға, нұсқауларға және нормативтік құжаттарға сәйке<br>құжаттарды рәсімде<br>8. Құжаттарды курьерлік немесе жедел-почтаның көмегімен беру процедурасы<br>жүзеге асыру<br>9. Көліктік-экспедициялық қызмет көрсету бойынша арыздарды қарау, оларды<br>туындау себептерін талдау және жо<br>10. Көлік-ілеспе құжаттардың рәсімделуін реттейтін ішкі құжаттард әзірл<br>11. Тасымалданатын жүктердің сақталуын қаржылық тәртіпті пен шаруашылы<br>есептеуді нығайтуды, көліктік-экспедициялық қызметтердің желісін кеңейту, қызм<br>көрсетудің мәдениетін жоғарлату бойынша іс-шараларды әзірл<br>12. Көрсетілетін қызмет үшін түскен түсімнің уақытысында инкассалуын қадағала<br>білу. | |
| | **Білімі:**<br>1. «Қазақстан Республикасының Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымал<br>туралы еуропалық келісімге қосылуы туралы» 2001 жылғы 7 мамырдағы Қазақст<br>Республикасы Заң<br>2. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасын<br>Заңының 13 бабының 23-5) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін Қазақст<br>Республикасының автомобиль жолдары бойынша жүруге арналған автокөлі<br>құралдарының рұқсат етілген параметрле<br>3. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасын<br>Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітеті<br>жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтард<br>қолдану қағидасы және басқа да көліктік-экспедициялық қызметке қатысты ұлтт<br>және халықаралық заңнамалық құжаттар, үкімет аралық келісімд<br>4. Жүктерді тасымалдауға арналған тарифтер, оларды қолдану ережесі жән<br>қызметтерге арналған баға анықтамалы<br>5. Тұрғындар мен ұйымдарға көліктік-экспедициялық қызметтерді көрсету бойын<br>көліктік-ілеспе, көліктік-экспедициялық, сақтандыру және талап құжаттарын рәсімд<br>қағидас мен тәртіб<br>6. Курьерлік қызмет пен жедел-почта қызметтерін көрсету қағида<br>7. Диспетчерлер арқылы автобустардың жұмыс картасын, нысандарын жән<br>тасымалдау бойынша ілеспе құжаттарды толтыру қағидасының регламен<br>8. Бекітілген есептілікті есепке алу және жүргізу бойынша нұсқаул<br>9. Ішкі еңбек тіртібінің қағидасы, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын<br>негіздері.<br>10. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормала<br>11. Қажетті бағдарламаларды қолдана отырып жеке компьютерде жұмыс істе<br>негіздері, оның шінде Microsoft Word, Excel, Outlook, желілік орта, факсимильді жә<br>көшіргіш техника | |
| Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар | Жаксы зейін. Кең ой-өріс | |
| СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы | 3422 | Экспедитор;<br>Жүктерді тасымалдау жөніндегі экспедитор |
| **«Логистика жөніндегі маман» КӘСІП КАРТОЧКАСЫ** | | |
| Кәсіп коды | - | |
| Кәсіп атауы | Логистика жөніндегі маман | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 5 | |
| | | |

| | |
|---|---|
| БА бойынша біліктілік деңгейі | 4 |
| Кәсіби білім деңгейі | Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғарғы оқу орнынан кейінгі) білім |
| Еңбек функциялары | 1. Жүктер мен жолаушыларды тасымалдау бойынша логистикалық қызмет ұйымдастыру. |
| 1 еңбек функциясы<br>Жүктер мен жолаушыларды тасымалдау бойынша логистикалық қызметті ұйымдастыру. | **Шеберлігі мен дағдылар**<br>1. Республикалық және халықаралық бағыттардағы жолаушылар мен жүкт тасымалдауды орындау кезіндегі арақашықтықты дұрыс анықтау бағыттық желісінд сызбаны әзірлеу және бақыла<br>2. Жүктер мен жолаушыларды тасымалдау құнын есепте<br>3. Оңтайлы шығындар кезінде және қысқа мерзім ішінде жөнелту бекетінен жет бекетіне дейінгі жүктерді (жолаушыларды) тасымалдаудың оңтайлы сызбасын әзірл Тасымалданатын жүктердің классын, және қауіптілік деңгейін анықт<br>4. Жүк-жолаушы ағымының сараптамасы және автокөлік қозғалысының шарттары м тәртібі<br>5. Логистикалық принціптер негізінде жүктер мен жолаушыларды жеткізу сызбасын ең тиімді тәсілдерін таңда<br>6. Тасымалдау процесін реттейтін көліктік-ілеспелі және көліктік-экспедициялы құжаттарды рәсімдеу дағдылар<br>7. Барлық шарттық міндеттемелер бойынша, технико-эксплуатациялық жән экономикалық көрсеткіштер бойынша тасымалдау жоспарын орындау бойынш іс-шараларды әзірлеу және енгіз<br>8. Қолданыстағы заңнаманы қолдана білу, оның ішінде талаптық істер туындағын,<br>9. Логистикалық қызмет көрсету аясындағы клиенттік сервисті талдау және он жақсарту үшін іс-шараларды әзәрле<br>10. Логистикалық тәуелділіктерді бағалау және оларды басқарудағы әдістері ме құрал-саймандарды таңдау. |
| | **Білімі:**<br>1. «Қазақстан Республикасының Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымал туралы еуропалық келісімге қосылуы туралы» 2001 жылғы 7 мамырдағы Қазақст Республикасы Заң<br>2. «1956 жылғы Халықаралық жүк тасымалдау шарты туралы Конвенцияға (ЖТШ Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 1995 жылғы 12 мамырдағы № 227 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлы<br>3. «1975 жылғы Қазақстан Республикасының ХЖТ кітапшасын қолдана отыр халықаралық жүк тасымалдау туралы Кеден Конвенциясына (ХЖТ Конвенцияс қосылуы туралы» 1995 жылғы 12 мамырдан № 2275 Қазақстан Республикас Президентінің Жарлығ<br>4. «Қазақстан Республикасының 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымал жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Европ Келісіміне қатысуы туралы» 1995 жылғы 12 мамырдағы № 2272 Қазақста Республикасы Президентінің Жарлы<br>5. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасын Заңының 13 бабының 23-11) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін Қазақст Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін халықаралы қатынаста қолдану қағида<br>6. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасын Заңының 13 бабының 23-7) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін қауі жүктерді тасымалдау қағидас<br>7. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасын Заңының 13 бабының 23-5) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекіті автомобиль жолдары бойынша жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқс етілген параметрлер |

| | | |
|---|---|---|
| | 8. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасынь Заңының 13 бабының 23-11) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекіteті жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасı<br>9. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасынь Заңының 13 бабының 23-9) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін жүктер автомобиль көлігімен тасымалдау қағидас<br>10. Автомобиль тасымалдары саласында Қазақстан Республикасының шете: мемлекеттерімен жасаған екіжақтық және көпжақтық келісімде<br>11. Көлік логистикасының, оның ішінде логистикалық процесті басқару негізде<br>12. Логистикадағы жоспарлау мен бағдарлаудың принципте<br>13. Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі негізгі тасымалдар бойынш қолданыстағы тарифтік жүйеле<br>14. Курьерлік қызмет пен жедел-почта қызметтерін көрсету қағидас<br>15. Қаржылық, тауар жөнелтпе құдаттың, көлік-экспедиторлық, көліктік-экспедиторлық, көліктік, кедендік, сақтандыру және талаптық құжаттард рәсімдеу тәртіб<br>16. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария мен өрт қауіпсізді қорғанысының қағидалары мен нормалар<br>17. Процестік басқарудың негізде<br>18. Тасымалдау кезінде қолданатын әртүрлі көлік түрлерінің қозғылыс құрамынь типтері мен параметрлері (жүк көтергіштігі, жүк сыйымдылығы, жүк бөліміні габариттік өлшемдері<br>19. Тасымалды басқарудағы қазіргі заманғы ақпараттық технологияла<br>20. Шетел тіліндегі кәсіби терминология (INCOTERMS, EI<br>21. Көліктік-логистикалық қызметтің негізгі құқықтар<br>22. Жүктер мен жолаушыларды жеткізуді көліктік-логистикалық сызбаларды амалдары, тәсілдері және оңтайландыру әдісте<br>23. Тәуекел-менеджментінің негіздері, логистикалық тәуекелдердің жікте<br>24. Логистикалық тәуелділіктердің түрлері, риск-менеджменттің негіздері. | |
| Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар | Қызметті жүйелендір<br>Ақпарат жеткіліксіз болған жағдайында жұмыс істей а<br>Жағдайдың өзгергендіген жеңіл қарау | |
| СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы | 3411 | Логистик |
| Кәсіби стандарттың техникалық деректері | | |
| Әзерленген | «Фактор» жүйелік зерттеулер компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | |
| Нұсқа номері мен шыққан жылы | 1 нұсқа, 2014 жыл | |
| Болжамды қайта қарау мерзімі | 2017 жыл | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК